



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯ

# "Жаратылыстану ғылымдарындағы инновациялық трендтер: өткенді сақтап, болашақты қалыптастырамыз"

Өтетін мерзімі: 04 сәуір 2019 жыл, 09:00 сағ.

Өтетін орны: Астана қ., Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.,  
ҚР Тұңғыш Президентінің аудиториясы

## Конференцияның жұмыс бағыты



### БИОЛОГИЯ

Молекулалық биология/  
Жасушалық биология/  
Генетика/ Иммунология/  
Физиология/ Медицина



### ХИМИЯ

Мұнай химиясы/ Катализ/  
Синтез/ Технология/  
Фармацевтика/ Кванттық  
химия/ Аналитика



### ГЕОГРАФИЯ

Геоақпараттық жүйе /  
Картографиялау /  
Ландшафтық талдау /  
Топонимика / Әлеуметтік  
география



### ГИДРОЛОГИЯ

Гидроқұрылыстар /  
Гидроэнергетика /  
Гидрогеология / Гидрохимия  
/ Гидродинамика




### БИОТЕХНОЛОГИЯ

Микробиология /  
Биоинженерия / Генетикалық  
түрлендіру / Экобиотехнология  
/ Биосинтез



### ЭКОЛОГИЯ

Экологиялық мониторинг/  
Биоалуантүрлілік /  
Экологиялық нормалау /  
Қалдықтарды кәдеге жарату /  
Табиғи ресурстар экологиясы



# Ақпарат

Конференцияға студенттер, магистранттар, докторанттар, ЖОО оқытушылары, ғалымдар, ғылыми-зерттеу мекемелері мен әкімшілік пен қоғамдық құрылымдардың қызметкерлері шақырылады.

Конференция жұмысына ҚР және шетелдердің көрнекті ғалымдары мен қоғам қайраткерлері қатысады.

Қалыптасқан дәстүр бойынша конференция Жаратылыстану саласындағы өзекті ғылыми зерттеулерді қарастыру үшін танымал диалог алаңы болып табылады. Конференцияға қатысу неғұрлым маңызды ғылыми бағыттар бойынша сындарлы пікір алмасуға, жас ғалымдардың ғылыми жетістіктерінің тұсаукесеріне, инновацияны, зияткерлік дағдыларды дамытуға, жастар арасында ғылымды танымал етуге ықпал етеді.

## Жауаптылар:

**Шапекова Нәлія Лұқпанқызы** - Жаратылыстану ғылымдары факультетінің деканы, медицина ғылымдарының докторы, профессор, тел. +7(705)128-1890

**Сафаров Руслан Заирович** - Ғылыми жұмыс бойынша деканның орынбасары, химия ғылымдарының кандидаты, тел. +7(705)464-3948

## ЖАРИЯЛАУ

Конференция материалдары «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы» журналының «Биологиялық ғылымдар» және «Химия. География. Экология» бағыттарында басуға ұсынылады. «Биологиялық ғылымдар» және «Химия» бағыттары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне кіреді.

Конференцияға ұсынылатын материалдарға қойылатын талаптар «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы» журналына ұсынылатын материалдарға қойылатын талаптармен бірдей. Барлық түскен материалдар анонимді рецензиядан өткізіледі. Материалдарға қойылатын талаптармен журналдардың сәйкес сайттарында танысуға болады: <http://bulbio.enu.kz/> - Биологиялық ғылымдар сериясы, <http://bulchmed.enu.kz/> - Химия. География. Экология сериясы.

**Материалдарды тапсыру мерзімі - 2019 жылдың 2 сәуіріне дейін.**

Конференцияға қатысу тегін. Жол жүру және тұру ақысын қатысушылар өз бетінше төлейді. Жарияланым төлемақысы "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы" журналының талаптарына сай қабылданады.

Қатысуға өтінімді электрондық пошта арқылы растауды сұраймыз e-mail: [ruslanbox@yandex.ru](mailto:ruslanbox@yandex.ru)

Өтінімде аты-жөнін, жұмыс/оқу орнын, қаланы, елді, мақаланың атауын (егер жарияланым қарастырылса) көрсетуіңізді сұраймыз.